«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
«МАГИСТРАЛЬДЫҚ ЖЕЛІ ДИРЕКЦИЯСЫ» ФИЛИАЛЫ
ФИЛИАЛ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ «КАЗАХСТАН ТЕМИР ЖОЛЫ»
«ДИРЕКЦИЯ МАГИСТРАЛЬНОЙ СЕТИ»
BRANCH OF JOINT STOCK COMPANY «NATIONAL COMPANY «KAZAKHSTAN TEMIR ZHOLY»
«DIRECTORATE OF LINE NETWORK»

«ҚТЖ» ҰК» АҚ – «МЖД» АО «НК «ҚТЖ» - «ЦЖС» JSC «NC «KTZH» – «BRND»

# БҰЙРЫҚ ПРИКАЗ

Астана қаласы город Астана

23 шілде 2024ж № 203-ЦЖС

## 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 231-ЦЖС бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Теміржол вокзалдарындағы алаңдар мен үй-жайларды жалға беру тәртібін жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

«Қағидаларды бекіту туралы» 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 231-ЦЖС бұйрығына өзгерістер мен толықтыру осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес енгізілсін.

**Директор** **С. Рахметов**

Орынд. З. Байтенова - ЦЖСВ-07
+7 (7172) 60-46-74

001869

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының «Магистральдық желі дирекциясы» филиалы директорының
2024 жылғы «23» шілде №203 -ЦЖС бұйрығына қосымша

**«Қағидаларды бекіту туралы» 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 231-ЦЖС бұйрығына енгізілетін өзгерістер мен толықтыру**

1. 5 тармағының 1) тармақшасы алып тасталсын;

2. 13 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«13. Конкурс бір кезеңде өткізіледі. Конкурсты ұйымдастырушы кезеңнің басында Конкурстық өтінімдерді тіркеу рәсімін барлық Конкурсқа қатысушылар және (немесе) олардың уәкілетті өкілдерінің қатысуымен (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген Конкурста мүдделерді білдіру құқығы туралы сенімхат болған кезде) жүзеге асырады. Тіркелген Конкурсқа қатысушылар Конкурстық өтінімін тіркеуге беруден бас тартқан жағдайда, осы Конкурсқа қатысушылар Конкурсқа қатысушы болудан қалады және Конкурстық өтінімдерді ашу рәсіміне дейін Конкурс өткізу орнынан кетуі тиіс. Тіркеу рәсімі аяқталғаннан кейін, Конкурсқа қатысушылар және (немесе) олардың уәкілетті өкілдеріне Конкурстық өтінімдер қайтарылмайды. Конкурс барысында тіркелген Конкурстық өтінімдері бар хатқалталарды ашу жүзеге асырылады»;

3. 16 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«16. Конкурсқа қатысатын Конкурсқа қатысушылар және (немесе) олардың өкілдері Конкурс басталғанға дейін бір тәулік бұрын Конкурсты ұйымдастырушысынан тіркеу рәсімінен өтуге және олардың Конкурс өткізетін жерге қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсатында Конкурсқа қатысушылар туралы мәліметтерді беруге міндетті.

Егер Конкурсқа қатысушылар және (немесе) олардың өкілдері (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген Конкурста мүдделерін білдіру құқығы туралы сенімхат болған жағдайда) көрсетілген мерзімдерде тіркеу рәсімінен өтпеген жағдайда, онда олар Конкурсқа жіберілмейді.»;

4. 17 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«17. Конкурсқа қатысушылар осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес дербес деректерді жинауға және өңдеуге жазбаша келісім береді («Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңына сәйкес).»;

5. 18 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«18. Объектілік Конкурсқа қатысушылар үшін шарттар.

Объектілік Конкурсқа қатысушылар, объектілік Конкурс басталғанға дейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей «ҚТЖ» ҰК» АҚ ресми сайтында орналастырылған Конкурстық құжаттамада көрсетілген есеп айырысу шотына кепілдік ақшалай жарна түрінде Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді аланды жалға алудың бір айлық төлемі (ҚҚС есебімен) мөлшерінде енгізеді.

Сайтта объектілік Конкурс қорытындыларының хаттамасы орналастырылғаннан кейін, Конкурс жеңімпазының Конкурстық өтінімін қамтамасыз етуді қоспағанда, объектілік Конкурсқа қатысушылардың Конкурстық өтінімін қамтамасыз ету Конкурсты ұйымдастырушы Конкурсқа қатысушыдан 5-қосымшаға сәйкес қайтаруға өтініш келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтарылады.

Конкурс жеңімпазымен жалдау шартын жасасу кезінде Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету сомасы Конкурс жеңімпазының жалдау ақысының есебіне аударылады.

Егер жалдау шартында көрсетілген жалдау ақысының сомасы Конкурстық өтінімді енгізілген қамтамасыз ету сомасынан асып кеткен жағдайда, Конкурс жеңімпазы бұрын енгізілген сомаға жасалған жалдау шартының талаптарына сәйкес сомалар арасындағы айырмашылықты қосымша енгізеді.

Егер Конкурс жеңімпазы болып айқындалған объектілік Конкурсқа қатысушы аланды жалдау шартын жасасудан жалтарса, Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету қайтарылмайды.

Объектілік Конкурсқа қатысушылар объектілік Конкурсқа қатысу үшін Конкурстық өтінімді ұсынады (осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес), оған келесі құжаттар қоса беріледі:

1) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім;

2) құрылтайшы және бірінші басшы туралы ақпаратты қамтитын құжаттарды қоса отырып, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесін, жеке тұлға үшін кәсіпкерлік субъектісі ретінде тіркеу туралы құжат немесе мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің/құжаттың электрондық көшірмесін күнтізбелік 10 күннен аспайтын мерзіммен ресми интернет көзі (www.egov.kz) куәліктің/құжаттың электрондық көшірмесін не заңды тұлға, не болмаса жеке тұлға кәсіпкерлік субъектісі ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген сенімхатты қоса бере отырып, Конкурстық өтінім құжаттарына қол қоюға құқығы бар басшының және (немесе) тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі;

4) эскиздік жоба;

5) осы Қағидалардың 3 қосымшасына сәйкес өтініш;

6) Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізуді растайтын құжаттардың көшірмелері.»;

6. 19 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«19. Бірыңғай операторлар үшін Конкурсқа қатысушылар үшін шарттар.

Бірыңғай операторлар үшін Конкурсқа қатысуға арналған Конкурстық өтінімге (осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес) келесі құжаттар қоса беріледі:

1) осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім;

2) келесілерді қамтитын презентация (слайд түріндегі қағаз тасымалдауышта):

Тұжырымдама;

тұсаукесер түрінде ресімделген қатысушының соңғы 2 (екі) жылдағы қызметінің тарихы;

3) құрылтайшы және бірінші басшы туралы ақпаратты қамтитын құжаттарды қоса бере отырып, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесін, жеке тұлға үшін кәсіпкерлік субъектісі ретінде тіркеу туралы құжат не заңды тұлғаны, не жеке тұлғаны күнтізбелік 10 күннен аспайтын мерзіммен ресми интернет көзіне (www.egov.kz) куәліктің/құжаттың электрондық көшірмесін, кәсіпкерлік субъектісі ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы; ;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген сенімхатты қоса отырып, алаңды жалға алу шарттарына және қаржы құжаттарына қол қоюға құқығы бар бірыңғай операторлар үшін Конкурсқа қатысушы басшының және/немесе қызметкердің жеке куәлігінің көшірмесі;

5) осы Қағидалардың № 3 қосымшасына сәйкес өтініш;

6) Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізуді растайтын құжаттар/құжаттардың көшірмелері.

Конкурсқа қатысушы және/немесе оның сенімхат бойынша өкілі бірыңғай операторға арналған Конкурс кезінде өзінің қызмет тарихы мен тұжырымдамасының презентациясын өткізеді»;

7. 21 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«21. Осы Қағидалардың 18-тармағының (объектілік Конкурсқа қатысушылар үшін) 1) – 6) тармақшаларында, сондай-ақ осы Қағидалардың 19-тармағының (бірыңғай операторлар үшін Конкурсқа қатысушылар үшін) 1) - 6) тармақшаларында тізбектелген барлық құжаттарды қоса отырып, Конкурсқа қатысуға Конкурстық өтінімді (қағаз тасымалдауышта) Конкурсқа қатысушы мемлекеттік немесе орыс тілдерінде тігілген түрде қалыптастырады. Конкурстық құжаттама конвертке салынуы тиіс.

8. 24 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«24. Конкурстық өтінімдер айына 1 шаршы метр/бірлік үшін баға мөлшері бойынша бағаланады, ол конкурстық құжаттамада көрсетілген айына ең төменгі бағадан төмен болмауы тиіс.

Бағасы Конкурстық құжаттамада көрсетілген ең төменгі бағадан төмен болатын Конкурстық өтінімдер, сондай-ақ Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізбеген Конкурсқа қатысушының өтінімдері қабылданбайды.»;

9. 29 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«29. Осы Қағидалардың 3-бөлімі 4-тармағының 3), 4) тармақшаларында санамаланған алаңдар 1 жыл мерзімге жалға беріледі.»;

10. 30 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«30. 4-тармақтың 2) тармақшасында тізбектелген алаңдар 7 жылдан аспайтын мерзімге жалға беріледі.

11. 31 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«31. Бірінші класты және кластан тыс вокзалдардағы «Сақтау камерасы», «Демалыс бөлмелері, оның ішінде ана мен бала бөлмесі»/«Қонақ үй»/«Отель» нысаналы мақсаты бар алаңдар жалдау шартының ай сайынғы сомасына қарамастан, Конкурстық рәсімдерді өткізу арқылы 7 жылдан аспайтын мерзімге беріледі»;

12. 5 қосымша осы бұйрыққа 1 қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

13. осы бұйрықтың 2 қосымшасына сәйкес 6 қосымша мен толықтырылсын.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалы директорының 2024 жылғы 23.07 № 203-ЦЖС бұйрығымен бекітілген
«2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 231-ЦЖС бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» бұйрығына
1 қосымша

«ҚТЖ» ҰК» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалы директорының 2023 жылғы 29.12. № 231-ЦЖС бұйрығымен бекітілген Теміржол вокзалдарындағы алаңдарды жалға беру қағидаларына
5 қосымша

Қамтамасыз етуді енгізуді қайтаруға өтінішті толтыру
**үлгісі**

Кімге_____
Конкурсты ұйымдастырушының атауы

Қайда_____
Конкурсты өткізу орнының мекенжайы

Кімнен_____
Конкурсқа қатысушының аты-жөні және мекенжайы, телефоны

**Өтініш**

Менімен,_____ конкурстық өтінімді қамтамасыз ету конкурсына қатысу үшін _____(жазумен) сомасында енгізілген. Осы соманы келесі деректемелерге қайтаруды сұраймын: ұйымның атауы, БСН, ЖСК, БСК.

Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізуді растайтын құжаттың көшірмесін қоса беремін.

Қолы

«ҚТЖ» ҰК» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалы директорының 2024 жылғы 23.07 № 203-ЦЖС бұйрығымен бекітілген
«2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 231-ЦЖС бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» бұйрығына
2 қосымша

«ҚТЖ» ҰК» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалы директорының 2023 жылғы 29.12. № 231-ЦЖС бұйрығымен бекітілген теміржол вокзалдарындағы алаңдарды жалға беру қағидаларына
6 қосымша

**КЕЛІСІМ**

Мен,_____
(Конкурсқа қатысушының Т. А. Ә.)

_____,
«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңына сәйкес конкурс шеңберінде менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

_____ _____
(қолы) (күні)